

**«Қазақстан Республикасы Президентінің
2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050:
бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауын
іске асыру туралы» деген тақырыпта өткен
Үкімет сағатының қорытындылары бойынша
ұсынымдар**

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Е.А. Досаевтың баяндамасын тыңдап, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі ҰСЫНАДЫ:

- елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамдарын әзірлеу мен стратегиялық жоспарлаудың сапасын жақсарту жөнінде шаралар қабылдасын;

- стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды «Қазақстан – 2050» Стратегиясына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауына, Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру тұжырымдамасына сәйкес келтірсін;

- бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарды жоспарлау сапасын арттырсын, нақты қажеттіліктерді ескере отырып және нақты нәтижелерге байланыстыра отырып, бюджетті қалыптастыруды қамтамасыз етсін;

- экономикалық дамудағы теріс факторларды уақтылы анықтау және елде экономикалық ахуалдың нашарлауына жол бермеу үшін шаралар қабылдау мақсатында экономиканың дамуына тұрақты мониторингті қамтамасыз етсін;

- салық саясатын одан әрі жетілдіру, салық салынатын базаны кеңейту жөніндегі шараларды қамтамасыз етсін;

- мемлекеттік органдармен және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктерімен, ұлттық басқарушы холдингтермен бірлесіп, көлеңкелі экономика мөлшерін азайту жөніндегі шараларды қамтамасыз етсін;

- жекешелендірудің екінші толқыны шеңберінде мемлекет қатысатын ұйымдарды және объектілерді жекеше секторға беру жөніндегі жұмысты жандандырсын.